

Есимбекова Галия Камзановна

Сулейменова Ляйла Адилхановна

"№12 орта мектеп-гимназиясының" КММ, бастауыш сынып мұғалімдері

Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Талдықорған қаласы

Заманауи әдістерді қолдану арқылы оқушыны жан-жақты дамытудың жолдары

Қазіргі өмір талабына сай жаңа технологияларды оқу процесінде ұтымды қолдана білу ұстаздың шеберлігі деп білемін. Жас ұрпаққа сапалы білім беру әр ұстаздың міндеті. Бастауыш сынып оқушыларына бірінші сыныптан бастап сапалы білім бере білгенде ғана оқушы өмірде өз орнын таба алады. Сондықтан да бастауыш сынып мұғалімі алдындағы шәкірттерге әдіс-тәсілдерді таңдай білу керек. Танымдық даму – баланың оқу және проблемаларды шешу қабілеті, дәлірек айтқанда танымдық даму оқуға деген қабілеттілік, сондай-ақ зейін, сөз сөйлеу дағдыларын, ойлау, негіздеу және шығармашылық зияткерлік сияқты қабілеттерді дамытады. Сонымен қатар сын тұрғысынан ойлау бақылау, тәжірибе, толғану және ой жүгірту нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады, сонымен қатар ол әрекет жасауға негіз, түрткі болуы да мүмкін. Сын тұрғысынан ойлау көбінесе бір нәрсені елестетуге, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекеттің жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерін енгізуге дайын болуды көздейді, ол ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге бейімділік пен басқаларды сын тұрғысынан ойлауға баулуды білдіреді. Тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік береді; басқа адамдарда түрлі идеялардың болатындығын оқушылардың түсінулеріне көмектеседі; оқушылардың өз идеяларын дәлелдеуіне көмектеседі; мұғалімдердің оқушыларды оқыту барысында олардың қандай деңгейде екендігін түсінуіне көмектеседі. Оқушы өз идеясын жетілдіре алады. Сын ойлау дағдысы қалыптасады. Ой-пікірлерде үлкен алшақтық болады және әрқайсысы өз шешімдерінде қалады;

ресурстарды біріктіруге бағытталған талпыныс жасалады; қарым –қатынас көбіне “Иә, бұл солай”, “Жоқ, олай емес” деген бағытта жүзеге асады; орта бірлесуге қарағанда, көбіне бәсекелестікке бағытталған болады; нәтижесінде мазмұнды тұжырым шығады. Айтылған пікірлермен тыңдаушылардың әр – қайсысы механикалық түрде келісе беруі; Әңгіме білім алмасу мақсатында жүргізілгенімен, оған қатысушылардың өзгелер ұсынған қандай да болсын идеяларды төзімділікпен тыңдауы; Идея қайталанатын және жасалады, бірақ үнемі мұқият бағалана бермейді; Идеяның дұрыс және бұрыс жағын бағалай алу. Идеяның дұрыс не бұрыс екенін бағалау үшін бала бойында сыни ойлау қасиеттері болуы керек. Сонда оқушы алған білімін өмірде қолдана отырып, өмір сүру мәнін түсінеді, қиындықтардың шешу жолдарын таба отыра сыни ойлауға үйренеді. Сыни ойшылдың кейбір қасиеттері: Орынды сұрақтар қояды, жаңа шешімдерді іздейді, фактілер мен пікірлерді айыра біледі, сыни тұрғыдан ойлауды өзін-өзі бағалаудың өмір бойғы үдерісі деп қабылдайды, басқалардың сенімдері мен пікірлерін қабылдайды, баға шығармас бұрын барлық факторлардың айқындалуын күтеді, пайымдауларды, болжамдарды және пікірлерді тексергісі келеді, болжамдарды қолдау үшін дәлелдер іздейді, анықтық пен нақтылықты іздейді. Сыни тұрғыдан ойлау бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған әдіс болып табылады. Сыни тұрғыдан ойлау көбінесе қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді негіздеуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді. Базалық деңгейде сыни тұрғыдан ойлау үдерісі: ақпараттар жинауды, дәлелдерді сын тұрғысынан талдау мен бағалауды, кепілдендірілген шешімдер мен жинақталған қорытындылар, ауқымды тәжірибе негізінде болжамдар мен ұсыныстарды қайта қарауды қамтиды. Оқыту мен білім беруді сыни тұрғыдан ойлау сияқты міндеттермен қатар, қарастырылмаған болжамдар мен құндылықтарды, мәселелерді мойындау

және оларды шешудің тиімді құралдарын табуды, басымдықтарды бекітудің маңыздылығы мен міндеттерді шешудегі артықшылығын түсінуді қарастырады. Сыни тұрғысынан ойлау стратегиялардың оқушыларды еркін сөйлеуге, сөз ұшқырлығын ұштауға, өз ойын қысылмай жеткізе білуге мол әсері бар. Сабақ құрылымы үш кезең бойынша жүзеге асырылады: қызығушылығын ояту мағынаны ашу, ой-толғаныс Қызығушылығын ояту стратегиялары ой қозғау, топқа бөлу, топтастыру, инсерт стратегиясы, төрт жолды өлең, блог ағашы арқылы жүзеге асыруға болады. Мағынаны ашу стратегиялары: Венн диаграммасы, бес жолдық өлең, балық сүйегі, кластерлер жасау арқылы жүзеге асырылады. Толғаныс стратегиясы: өлең шығару, шығарма жазу, эссе жазу арқылы жүзеге асырылады. Осы тәсілдерді ескере отырып, оқушылар бойында сыни тұрғыдан ойландыратын тапсырмаларды беріп сөздік қорын молайтуды мақсат етіледі. Сыни тұрғысынан ойлау технологиясын пайдалана отырып, тұлға қалыптастырудың тиімді жақтары өте көп екендігіне көз жеткізуге болады. Жаңа технологияның жетістіктері төмендегідей: оқушылар күні бұрын берілген тапсырмамен де, сабақ үстінде берілген тапсырмалармен де қосымша ізденеді, өз бетімен дайындалады, оқушы қиялының дамуына, пікірін айтуына еркіндік беріледі, қоршаған ортаға сын көзбен қарауға үйренеді, өзгенің пікірін тыңдауға, оған өз көзқарасын қосуға үйренеді, шыншылдыққа, әділдікке үйренеді, шығармашылық жұмыстарға дағдыланады, жұппен, топпен жұмыс жасауға үйренеді жан дүниесін тәрбиелейді. Оқушы болсын, ересек адам болсын сын тұрғысынан дамытуға осы элементтерді пайдалана отырып, қоғамда қабылдауға бағытталған заманауи білім беру бағдарламасына сүйенгені абзал. Сабақтарымызда көзіміздің жеткені: шәкірттерімізге еркін ойлауға мүмкіндік берілді; ақыл-ойы дамыды; шығармашылық белсенділігі артты; топтық іс-әрекетке тәрбиеледі; тіл байлығы жетілді; сөздік қоры молайды; бір-бірімен қарым-қатынас жақсарды; ойлау қабілеттері дамыды; ойын еркін жеткізе білуге үйренді, жауаптарын ашық айтып үйренді.